

**"Тимирязев ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" Тимирязев аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 ақпандағы № 34/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 48/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 сәуірдегі N 3715 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 21/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 12.03.2018 № 21/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес, Тимирязев аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш Т І :**

1. "Тимирязев ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" Тимирязев аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 ақпандағы № 34/1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 наурызда № 3160 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 наурызда "Көтерілген тың" аудандық газетінде жарияланған, 2015 жылғы 21 наурызда "Нива" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:  
шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабы 5-тармағына, 387-бабы 1-тармағына, 444-бабы 1-тармағына, Тимирязев аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш Т І : "**

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 379, 381, 383 - баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын, соған сәйкес:

1) жеке тұлғаларға ұсынылған, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;

2) елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда)

базалық салық мөлшерлемелері;  
3) елді мекендердің сыртында орналасқан, өнеркәсіп жерлеріне базалық салық мөлшерлемелері. "

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
XXXXVIII сессиясының  
төрағасы*

*Ж. Жантоқов*

*Аудандық мәслихат  
хатшысының м.а.*

*А. Габова*

*"КЕЛІСІЛДІ"  
"Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер  
Комитеті  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Мемлекеттік кірістер  
Департаментінің  
Тимирязев ауданы бойынша  
Мемлекеттік кірістер  
басқармасы"  
Республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
2016 жылғы 11 наурыз*

*Б. Бәлдіков*